

Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарға радио-телебағдарламалардан эфир уақытын беру және мемлекеттік мерзімді баспа басылымдарына және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына сайлау алдындағы үгіт материалдарын жариялаудың, сайлау алдындағы үгітті жүргізудің Ережесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрайымының 1999 жылғы 17 тамыздағы N 21/225 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Төрайымының 2004 жылғы 11 тамыздағы N 124/158 (V043016) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Z952464_ Конституциялық заңының 27 және 28 баптарының негізінде Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарға радио-телебағдарламалардан эфир уақытын берудің және мемлекеттік мерзімді баспа басылымдарына және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына сайлау алдындағы үгіт материалдарын жариялаудың, сайлау алдындағы үгітті жүргізудің ұсынылып отырған Ережесі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі және олардың аумақтық бөлімшелері 1999 жылғы 25 тамызға дейінгі мерзімге республикалық және аумақтық бұқаралық ақпарат құралдарының тізбесін мемлекеттік қатысуымен жарияласын.

3. Осы қаулы облыстардың, қалалардың (республикалық маңызы бар қала, Республика астанасы) әкімдері мен сайлау комиссияларының төрағаларына, Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігіне жіберілсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
төрайымы*

*Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
хатшысы*

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
1999 жылғы 17 тамыздағы
N 21/225 қаулысына

N 1 Қосымша

**Қазақстан Республикасы Парламентінің
және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарға
радио-телебағдарламалардан эфир уақытын беру және
мемлекеттік мерзімді баспа басылымдарына және басқа да
бұқаралық ақпарат құралдарына сайлау алдындағы үгіт
материалдарын жариялаудың, сайлау алдындағы
үгітті жүргізудің
Ережесі**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Z952464_ Конституциялық заңның, Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Z990451_ заңының талаптарына сәйкес шығарылды және Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлауға дайындық және өткізу кезеңінде мемлекетті және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарын (бұдан әрі - БАҚ) пайдаланудың тәртібі мен жағдайын р е т т е й д і .

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды сайлау алдындағы үгіттеу тиісті сайлау комиссиялары оларды тіркеген күннен басталады және сайлау алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

2. Сайлау күні және оның қарсаңындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгітке т ы й ы м с а л ы н а д ы .

3. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңға сәйкес БАҚ редакциялары Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт кезінде БАҚ-на тең жағдайда қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті. Депутаттыққа кандидаттарға БАҚ-на қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда лауазымды адамда депутаттыққа кандидатқа нақты, дәлелді жазбаша жауап беруі қажет және осы жауаптың көшірмесін тиісті сайлау комиссиясына дереу жіберу керек.

4. Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттар болып тіркелген мемлекеттік қызметтегі лауазымды адамдар өздерінің қызмет жағдайларының артықшылықтарын басқа кандидаттардың БАҚ-на тең жағдайда қол жеткізу құқығын шектеу үшін пайдаланбауы тиіс, сондай-ақ басқа кандидаттардың сөз сөйлеуіне кедергі келтіру және шектеу мақсатымен БАҚ-на қысым көрсетудің кез келген нысанын

талас мәселелері туындаған күні өткізіледі. Жеребенің нәтижелері тиісті сайлау комиссияларына беріледі.

11. Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарға және саяси партияларға эфир уақытын беру кезегін мемлекеттік БАҚ жасайды. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына кандидаттардың және саяси партиялардың телерадио эфиріне шығатын күні мен уақытының кезегі көрсетілген көшірме Орталық сайлау комиссиясына, облыстық, Астана, Алматы қалаларының сайлау комиссияларына, облыстық, Астана, Алматы қалаларының, аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттығына кандидаттардың - тиісті сайлау комиссияларына жіберіледі.

12. Облыстық, аудандық, қалалық мемлекеттік БАҚ-на қатысты болмаған, объективті себептер бойынша техникалық мүмкіндік шектелген жағдайда кандидаттарға басқа тең деңгейдегі аумақтық БАҚ-нан сөз сөйлеу құқығы беріледі. Эфирге шығудың күні мен уақыты БАҚ-ның бас редакторларымен (редакторлармен) келісіледі.

13. Мемлекеттік БАҚ өздерінің техникалық мүмкіндігіне орай депутаттыққа кандидаттарға қажетті кәсіби көмек беруді қамтамасыз етулері тиіс (студияны ресімдеу, эфир алдындағы дайындық, техникалық қамтамасыз ету, сөйлейтін сөзді жазу, эфирге шығу, жүргізушіні белгілеу және т.б.).

14. Депутаттыққа кандидаттардың және партиялық тізіммен ұсынылған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгіті туралы телерадиодан өткен барлық бағдарламаларға, мерзімді баспасөзде жарияланған мақалаларға төленгендігі туралы, материалдарды шығаруға жауапты адамның, қаржыландыру көзінің, ақпаратты берген тұлғаның тегінің мәліметтері болуы тиіс (хабарландырудың тәсілін БАҚ құралдарының өздері белгілейді).

15. Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге, сайлау алдындағы кез келген үгіт материалдарын таратуға, мемлекеттік органдарға, сондай-ақ қызмет бабындағы міндеттерін атқару кезінде олардың лауазымды адамдарына, әскери бөлімдеріне, әскери мекемелер мен ұйымдарға, сайлау комиссияларының мүшелеріне дерексіз үгіт материалдарын таратуға:

- сайлаушыларға тегін немесе жеңілдікті жағдайлармен тауарлар, бағалы қағаздар беріп қызмет көрсету ақша, қаражат төлеу, не оны беруге, уәде беру арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізуге;

- кандидаттардың, партиялық тізіммен ұсынылған саяси партиялардың бағдарламаларында Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзатын, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатігездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру идеяларын уағыздауға

т ы й ы м

с а л ы н а д ы .

16. Мемлекеттік органдардың және өзге де ұжымдардың лауазымды адамдары, меншік иесі, таратушы, бас редактор (БАҚ редакторы) таратылатын хабарлар мен материалдардың авторлары "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Z952464_ Конституциялық заңның және "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Z990451_ Қазақстан Республикасы заңының талаптарын бұзғаны үшін жауапты болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК